



**БЕКІТЕМІН**  
**Каспий университетінің**  
**Ректоры**  
**Нусенов Ж.М.**  
2023ж.

**Қазақстан Республикасының Жоғары оқу орындарының білім  
алушылары арасында Құқықтану бойынша Республикалық пәндік  
олимпиаданы дайындау және өткізу туралы  
ЕРЕЖЕ**

**I. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі әзірлөген "Құқық" бағыты бойынша даярлықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының студенттері арасында базалық жоғары оқу орындарында Республикалық пәндік олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ұсынымдарға (бұдан әрі – Олимпиада) сәйкес әзірленді

2. Олимпиада болашақ мамандардың ерекше кәсіби қабілеттерін дамыту мақсатында өткізіледі және талантты студент жастарды қолдау факторларының бірі болып табылады.

3. Олимпиаданың негізгі міндеттері:

1) білім алушылардың оқу-танымдық және оқу-зерттеу қызметін ынталандыру;

2) білім алушылардың кәсіби және тұлғалық мүмкіндіктерін, олардың өзіндік санасын, шығармашылық қабілеттерін ашу, өзін-өзі таныту және өзін-өзі растау үшін жағдай жасау;

3) білім алушылардың азаматтық ұстанымын тәрбиелеу;

4) ең қабілетті және дарынды оқушыларды іріктеу және қолдау.

5) студенттердің дайындық деңгейін арттыру.

**II. Олимпиаданы өткізу тәртібі**

1. Олимпиада екі кезеңнен тұрады:

1) I кезең – ЖОО ішіндегі;

2) II кезең – базалық ЖОО-да.

2. Олимпиаданың I кезеңінің нәтижелері бойынша ЖОО комиссиясы конкурстық негізде білім алушыларды олимпиадаға қатысу үшін іріктейді және оларды олимпиаданың II кезеңіне қатысу үшін базалық ЖОО-ға жібереді.

3. Олимпиадаға "Құқық" бағыты бойынша оқытын ЖОО студенттері қатыса алады. Бір ЖОО-дан қатысатын білім алушылардың максималды

саны - 5 адам. Жоғары оқу орны олимпиадаға қатысушы студенттермен бірге оқытушыны қосып жіберуіне болады. Каспий университетінің (бұдан әрі – КҚУ) білім алушылары Олимпиадаға қатыспайды

4. Қатысушылардың өздерімен бірге жеке басын куәландыратын құжаты және студенттік билеті болуы керек.

5. Олимпиаданы үйымдастыру және өткізу тәртібін құрамы КҚУ қызметкерлерінен құралатын КҚУ үйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Үйымдастыру комитеті) айқындайды.

6. Олимпиаданың апелляциялық комиссиясының құрамы КҚУ оқытушыларының қатарынан құрылады.

Олимпиадаға қатысу үшін 2023 жылдың 6 сәуіріне дейін төмендегі сілтеме бойынша тіркеуден өту қажет  
<https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdJtC9vZXd8RYqO2gA9GAcRJ9vSZ12pWHcJ7xOyGaKQf16uKw/viewform>

7. Онлайн-тіркеу шеңберінде ЖОО-лар университет ішіндегі іріктеуден өткен білім алушылар туралы ақпарат береді және олимпиаданың II кезеңіне қатысу үшін КҚУ-не жіберіледі.

8. Олимпиаданың II кезеңі мемлекеттік немесе орыс тілдерінде өткізілетін екі турдан тұрады. Олимпиаданың әрбір қатысушысы жарысты жеке сапада өтуі тиіс.

9. Олимпиаданың бірінші туры қылмыстық құқық және қылмыстық процесс бойынша ситуациялық кейстерді шешу жолымен тест нысанында өткізіледі.

10. Олимпиаданың екінші туры Азаматтық құқық және азаматтық процесс бойынша ситуациялық кейстерді шешу жолымен тест нысанында өткізіледі.

11. Әр турдағы ситуациялық кейстердің саны - 12.

12. Ситуациялық кейс қысқа әрі түсінікті баяндалған істің фабуласын (сюжетін) білдіреді. Әр кейске 5 (бес) сұрақ беріледі. Әр сұраққа бір дұрыс жауаппен 5 (бес) нұсқа ұсынылады. Егер студент екі немесе одан да көп жауап нұсқаларын белгілесе, шешім автоматты түрде дұрыс емес болып саналады. Олимпиада қатысушысы әр турда жинай алатын ең көп үпай саны – 60 балл. Уақыт бойынша 12 ситуациялық кейсті орындау 120 минутты құрайды.

13. Олимпиаданы өткізу бағдарламасы:

Олимпиаданың II кезеңі 2023 жылдың 22 сәуірінде Каспий университетінде (Алматы қ., Достық даңғылы, 85А) өткізіледі.

09:00 – 10:00 Олимпиадаға қатысушыларды КҚУ-де тіркеу.

10:00 – 10:30 Олимпиаданың Ашылуы. Командаларды қарсы алу.

10:30 – 12:30 Олимпиаданың 1 турын өткізу.

12:30 – 14:00 Үзіліс.

14:00 – 16:00 Олимпиаданың 2 турын өткізу.

16:00 – 17:30 Қорытындылау.

17:30 – Олимпиада жүлдегерлерін марапаттау. Олимпиаданың жабылуы.

14. Кез келген турдың нәтижелерімен келіспеген жағдайда қатысушылар оларды қайта қарau үшін апелляциялық комиссияға жүгінуге құқылы. Апелляциялық комиссия үш адамнан тұрады.

### **III. Олимпиада қорытындысын шығару тәртібі және жеңімпаздарды марапаттау**

1. Қатысушының жеке нәтижелері жарыс турының қорытындысы бойынша анықталады. Ұпайлардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, командасты көп ұпай жинаған қатысушы жеке біріншіліктің жеңімпазы болып саналады.

2. Төрешілер комиссиясының құрамы жүлдегерлерді келесі тәртіппен марапаттауды ұсынады:

- 1 орын үшін - I дәрежелі диплом (бір студенттен артық емес);
- 2 орын үшін - II дәрежелі диплом (екі студенттен артық емес);
- 3 орын үшін - III дәрежелі диплом (үш студенттен артық емес).

3. Олимпиаданың барлық қатысушылары сертификаттар алады.

4. Мамандық бойынша келесі олимпиада студенті бірінші орын алған ЖОО базасында өткізіледі.

### **IV. Олимпиаданы Қаржыландыру**

1. Олимпиаданың II кезеңін ұйымдастыруға және өткізуге арналған шығыстарды Ұйымдастыру комитеті айқындайды және оны Каспий университетінің ректоры бекітеді.

2. Олимпиадаға қатысушылардың және команда басшыларының жолына, тұруына, тамақтануына байланысты барлық шығындар жіберуші тараптың есебінен